

13 мамыр  
Сәрсенбі,  
2026 жылuil-gazet@mail.ru  
Kokjar\_tynysy

Газет 1930

жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# ОЙЫЛ

## «БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ» КӨРМЕСІ ҮШ КӘСІПКЕРДІҢ ӨНІМІ ҮЗДІК ДЕП ТАНЫЛДЫ

ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ДРАЙВЕРІНІҢ БІРІ – ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТҮРІНДЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ КӨТЕРУ ЕЛІМІЗДЕГІ БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ. ОСЫ ОРАЙДА БІЗДІҢ ОБЛЫСТА ДА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ КЕРЕГЕСІН КЕҢЕЙТЕТІН ІРГЕЛІ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП, ОТАНДЫҚ ӨНІМ ӨНДІРУШІ БИЗНЕС ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА МОЛ МҮМКІНДІКТЕР ҰСЫНА БАСТАДЫ.



Солардың бірі «Бір ауыл – бір өнім» жобасы. Осы жобаның аясында кеше ауданда бірегей өнімді іздеу, жергілікті тауарлар мен қызмет көрсету өндірісін дамыту, тек жергілікті шикізатты ғана пайдаланатын отандық өнім өндірушілердің бірлестіктерін құруға бағытталған көрме ұйымдастырылды. Көрмеге ауданның он кәсіпкері қатысып, өз өнімдерін жайғастырды. Арнаулы көрмеде кәсіпкерлер негізінен жергілікті еңбекқор кәсіп иелерінің қолының табы бар өнімдер. Негізінен нан өнімдерін бастап, ет пен сүт өнімдері, жартылай фабрикаттар ұсынылған. Негізінен жартылай дайын өнімдерді дайындау арқылы отбасылық кәсіпкерлікті деңгелетіп отырған Әділет пен Сәулет енді шұжық өнімдерін шығаруды

қолға алыпты. Сүттен түрлі өнім дайындайтын Қызғалдақ Сапарованың өнімдері сыртынан-ақ мен мұнда лап тұр. «Мәтжан» шаруа қожалығының өнімдері көздің жауын алады. Гүлжихан Қазмұқанованың өнімдері де аймақта сұранысқа ие.

Еркебұлан Сиражовтың бал татыған балқымызы мен самалының дәмі аудан түгілі облысқа бұрыннан белгілі. Гүлхан Қауметованың жартылай дайын өнімдері де әуелден сапасы мен бағасына сай тауарлар. Ойылдың тең жартысын нанмен қамтып отырған Гүлзада Сариева кәсібін кеңейтуге мүмкіндік іздеп отыр. Ал, Ойылдың бренді тары мен одан өртүрлі өнімдер дайындаған Әсем Аранжанова да Ойыл мен тарыны бір-бірінен айырып қарамай-

тын облысты мойындатуға дайын. Көсембайдан келген Жаңылсын Әлиева да айналадағы ауылдарды нан өнімдерімен қамтып отыр. Тіпті өткен жылы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» ұлттық жобасы» арқылы мемлекеттік грант алып, өрнектас шығаруды бастаған Әсем Табынбаева да өз өнімдерін сөреге қойды.

Жергілікті ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін ынталандыруға бағытталған көрме отандық кәсіпкерлердің арасында бәсекелестіктің артып оның нәтижесінде тұтынушыларға ұсынылатын өнімнің сапасын жоғарылату мақсат етіліпті. «Бір ауыл – бір өнім» көрмесі ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлікті қолдауға әрі көтермелеуге бағытталып

отыр. Әр өңірдің өзінің бір бәсекеге қабілетті, басымдыққа ие өнімдері болады. Ойылдықтар үшін тек қана қол еңбегімен атқарылатын тары және одан жасалатын өнімдердің жөні бөлек.

Көрме барысында кәсіп иелерімен ұсынылған жобаларды мемлекеттік органдардың, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құралған жұмыс тобы бағалады. Оның қорытындысы бойынша келесі кезеңдерге қатысу үшін үш жоба таңдалып алынды. Нәтижесінде Қызғалдақ Сапарованың сүт өнімдері, Еркебұлан Сиражовтың бал татыған балқымызы мен Әсем Аранжанованың тарысы мен тары өнімдері үздік деп танылып, облыстық кезеңге жолдама алды. Шараны ұйымдастыруды қолға алған «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының өкілдерінің айтуынша көрме қорытындысы бойынша комиссияның көңілінен шыққан үздік өнім иелері өз жобаларын шілде айында облыстық көрмеде қорғайтын болады.

«Біз оларға жобаларын одан әрі сүйемелдеу, дизайн жасауға қатысты ақпараттық-консультациялық қолдау, өнімдерін сауда алаңдарына шығару және қаптама дайындауды қамтамасыз етеміз, – деп атап өтті Ойыл аудандық кәсіпкерлер палатасының директоры Илгиз Сабиржанов. Жоба аясында алдағы уақытта да ізденіспен өз ісін ашуға ұмтылған кәсіп иелеріне өз бизнесін одан әрі де дамытуға мол мүмкіндіктер берілмек. Бұл басқа да кәсіпкерлер қауымын ынталандыра түсетіні сөзсіз.

Сәрікбай ҚОЙБАҒАРОВ,  
Ойыл селпосы.

## КЕЗЕКТІ СЕССИЯДА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

5 МАМЫР КҮНІ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ СӨКЕН ЗАЙМОЛДИН ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУІМЕН АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫЗ БІРІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ. СЕССИЯ ОТЫРЫСЫНА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ, АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ МАРАТ АРЫСТАНОВ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ, МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

Сессия барысында 2025 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуы мен оған жүргізілген бақылау қорытындылары қаралып, ауылдық округ әкімдерінің есептері тыңдалды. Сонымен қатар депутаттық сауалдар көтеріліп, бірқатар өзекті мәселелер ортаға салынды.

Аудандық мәслихат депутаты Назгүл Ешпанова Ш.Берсиев атындағы Қарасу елді мекеніне көгілдір отын тарту және ұялы байланыс мұнарасын орнату мәселесін көтерді. Депутат ауыл тұрғындарының атынан түскен өтінішті жеткізіп, ауыл маңынан газ құбыры өткеніне қарамастан, тұрғындардың көгілдір отынды пайдалана алмай отырғанын атап өтті. Сонымен қатар байланыс желісінің әлсіздігі халыққа қолайсыздық туғызып отырғанын айтты.

Аудандық мәслихат депутаты Мұстафа Бисембаев Шикүдық ауылдық клубының қазіргі жағдайына тоқталып, ғимаратқа күрделі жөндеу қажеттігін жеткізді. Оның айтуынша,



клуб шатырының тозуына байланысты жауын-шашын кезінде су өтіп, ішкі бөлігіне зиян келуде. Сонымен қатар еден жабындылары да ескірген. Депутат мәдени нысанның ауыл тұрғындары үшін

маңызын атап өтіп, жөндеу жұмыстарына қаржы қарастыруды сұрады. Ал аудандық мәслихат депутаты Сайран Саматұлы Сарбие ауылдық округіндегі орталықтандырылған ауыз

су мәселесін қайта көтерді. Бұған дейін көтерілген мәселе бойынша жобалық-сметалық құжат дайындалып, жұмыстар басталғанымен, ауыл шетіндегі 10 тұрғын үй әлі күнге дейін ауыз сумен толық қамтылмағанын айтты.

Сондай-ақ аудандық мәслихат депутаты Еркін Жиеналин ауылдық елді мекендерге жас мамандарды тарту және оларды тұрақтандыру мәселесіне назар аударды. Депутат Көптоғай, Ақжар және Ақкемер елді мекендерінде қызметтік тұрғын үйлерге сұраныс жоғары екенін айтып, жалдамалы-коммуналдық тұрғын үйлер салу немесе сатып алу тетіктерін қарастыруды ұсынды.

Сессия барысында аудан әкімдігі жанындағы бірқатар комиссиялардың дербес мәселелері де қаралды. Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша ұсыныс-пікірлер тыңдалып, тиісті шешімдер қабылданды.

Г.АБЫҚЫЗЫ

## «ЕРЛІК ПЕН БАТЫРЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ»

ӨТКЕН СӨРСЕНБІ КҮНІ АУДАНЫҚ МӨДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ 7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «ЕРЛІК ПЕН БАТЫРЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ» АТТЫ САЛТАНАТТЫ МӨДЕНИ ШАРА ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ.



Тағылымы мол мерекелік жиынның басты мақсаты – ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп жүрген әскери қызметшілер мен күштік құрылымдар өкілдерінің еңбегін ұлықтау, жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру және ел бірлігін нығайту болды. Салтанатты шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнімен ашылып, қатысушылар туған елге деген құрмет пен патриоттық сезімді айрықша ықыласпен сезінді. Ресми бөлім барысында Отан алдындағы борыштың қасиеті, ел қорғаудың маңыздылығы мен Тәуелсіздіктің қадір-қасиеті кеңінен насихатталып, бейбіт өмірдің бағасы ерекше айтылды. Мерекелік жиында аудан әкімі Асқар Қазыбаев құттықтау сөз сөйлеп, барша аудан тұрғындарын Отан қорғаушылар күнімен құттықтады. Өз сөзінде ол ел тыныштығы мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде аянбай қызмет

атқарып жүрген азаматтардың еңбегіне жоғары баға беріп, олардың адалдығы мен жауапкершілігі – кейінгі ұрпаққа үлгі екенін атап өтті.

Шара барысында әскери салада, құқық қорғау органдарында және күш құрылымдарында қызмет етіп жүрген бірқатар азаматтар арнайы марапаттарға ие болды. Марапат иелеріне алғыс хаттар мен сый-құрмет көрсетіліп, олардың ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі елеулі еңбегі ерекше аталып өтті. Бұл – ел қорғаны болуды өмірлік парыз санаған азаматтарға деген құрметтің айқын көрінісі болды. Салтанатты кештің жалғасы концерттік бағдарламаға ұласты. Аудан өнерпаздары патриоттық өндер орындап, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Ұлттық өнер мен мәдениет дәріптелген кеш барысында елге, жерге деген сүйіспеншілікті паш ететін мазмұнды шығармалар орындалып, көпшілік ыстық ықыласпен қабылдады.

## ОЙЫЛ АУДАНЫНДА 8 ЖАҢА ЖОЛ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫРТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖАЛҒАСУДА. БИЫЛ АУДАН АУМАҒЫНДА ЖАЛПЫ САНЫ 8 ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ОРТАША ЖӨНДЕУ ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЛАНҒАН.



Қазіргі таңда оның 4 жобасы аяқталу сатысына жақындаса, тағы 4 жоба бойынша жұмыстар басталып кетті.

Аяқталуы 2026 жылға жоспарланған жобалардың қатарында Ойыл ауылының кіреберіс жолындағы көпірді реконструкциялау, Шұбарши ауылынан Атырау облысы шекарасына дейінгі жол бойындағы көпір құрылысы, сондай-ақ Ойыл – Қараой автожолының 15-45 шақырым аралығындағы орташа жөндеу жұмыстары бар. Сонымен қатар, ауданда жаңа 4 жоба бойынша құрылыс жұмыстары басталды.

Олардың ішінде Сарбие ауылының кіреберіс жолын орташа жөндеу, Қаракемер – Ақшатау автожолын жөндеу, Ойыл – Қараой ав-

тожолының 0-15 шақырым аралығын жаңарту және Шұбарши ауылынан Атырау облысы бағытына дейінгі жол құрылысының жалғасуы бар. Қазіргі таңда бірқатар нысанда қиыршық тас төсеу, материал тасымалдау және су өткізу құрылғыларын орнату жұмыстары жүргізілуде. Жол құрылысы жобалары аудан тұрғындарының қауіпсіз әрі қолайлы қатынасын қамтамасыз етуге, ауылдар арасындағы көлік байланысын жақсартуға бағытталған.

Жобалардың іске асырылу барысын ауданға жұмыс сапарымен барған Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Айбек Қайыр бағамдады.

## АУДАНА ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ШЕШІЛІП ЖАТЫР

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА БИЫЛ АУҚЫМДЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТЫР. БҰЛ ТУРАЛЫ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ МӘЛІМДЕДІ. ОНЫҢ АЙТУЫНША, ЖҰМЫСТАР МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

Газдандыру бағытында Шикүдық, Амангелді және Көптоғай ауылдары көгілдір отынға қосылды.

Қазіргі таңда Қаракемер, Ақшатау, Кемер және Ақкемер елдімекендерінде ауылышлық газ құбырларын тарту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Жобалардың орындалу деңгейі 70–80% жеткен.

Ауызсумен қамтамасыз ету саласында ауданға қарасты 21 елдімекеннің 20-сы сапалы ауызсуға қол жеткізген.

Шикүдық ауылында орталықтандырылған су құбырын жүргізу басталды.

Сонымен қатар Көптоғай ауылдық округіне қарасты Қарасу ауылында су құбырының құрылысы толық аяқталып, пайдалануға берілді.

Жол құрылысы да назардан тыс қалған жоқ.

Ойыл–Қараой бағытындағы автомобиль жолының 0–30 шақырым аралығы орташа жөндеуде отырады.

Сондай-ақ Шұбарши ауылынан Атырау облысының шекарасына дейін жаңа автомобиль жолының құрылысы жүргізілуде. Бұдан бөлек, Сарбие ауылына кіреберіс



жол мен Қаракемер–Ақшатау бағытындағы жолдарға жөндеу жұмыстары қолға алынған.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мақсатында аудан орталығында 320 орындық мектеп пен 150 орындық балабақша құрылысы аяқталып, наурыз айында пайдалануға

берілді. Тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында да жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі таңда 8 пәтерлік екі тұрғын үйдің құрылысы аяқталу сатысында. Сонымен қатар биыл әлеуметтік осал топтар үшін 40 тұрғын үй сатып алу жоспарланып отыр.

## ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 29 MAУCЫMДАҒЫ № 350-VI ЗАҢЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ ҚАБЫЛДАНЫП, АТАЛҒАН КОДЕКС 2021 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ҚОЛДАНЫCҚА ЕНГІЗІЛДІ.

Осы аталған кодексте Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдардың әкімшілік рәсімдері туралы нақты айтылған. Яғни әкімшілік рәсім дегеніміз — бұл мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру, шешімдер қабылдау және оларды орындау процестерін реттейтін заңды тәртіп болып табылады. Сонымен қатар мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешім қабылдау және оны орындау жөніндегі өтініш негізінде немесе өз бастамасымен жүзеге асыратын қызметі екені мәлім.

Бұл рәсімдер мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Жалпы әкімшілік рәсімдердің міндеттері жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыру, жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу, тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету, жа-



рия-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту, әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу болып табылады. Әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің қағидаттары әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу және құқықтық басқа да қағидаттарын қолдануға кедергі болмайды. Азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттары, әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің қағидаттарын бұзу оның сипатына және елеулі болуына қарай әкімшілік актілерді, әкімшілік әрекеттерді

(әрекетсіздікті) заңсыз деп таныуға, сондай-ақ шығарылған сот актілерінің күшін жоюға алып келеді.

Жалпы аталған заңның басты міндеті адам құқығының қорғалуы ілгерілеудің белгісі және мемлекеттік қызмет көрсетілуінің тәртіптерін айқындайды. Қорыта айтқанда мемлекеттің ең жоғарғы құндылығы адам және оның өмірі болғандықтан адам құқығы тиісті түрде қорғалып, адам құқығының қорғалуы жоғары деңгейде жүзеге асуы қажет.

**Ж.МАЙЖАНОВ,**  
Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.

# БЕРЕГЕН ҚОЛДЫҢ ҚАЙЫРЫ: ҚАЗАҚ ТҮСІНІГІНДЕГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАНДАЙ?

СҮРІНГЕНДІ СҮЙЕП, ТАРЫҚАНДЫ ДЕМЕУ – ҰЛТТЫҢ ҚАНЫНА СІҢГЕН АСЫЛ ҚАСИЕТ. МҰНЫ БҮГІНГІ ЖҰРТ КЕҢ ҚОЛДАНЫСТА ФИЛАНТРОПИЯ ДЕП АТАЙТЫН ШЫҒАР, АЛАЙДА ЕСКІ ҚАЗАҚТЫҢ ЕСІНДЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ДЕГЕН ТҮСІНІКПЕН САҚТАУЛЫ. ОНЫҢ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ТА, ТҰЛҒАЛЫҚ ТА СИПАТЫ БАР. НАУРЫЗНАМАНЫҢ БІР ТАРМАҒЫ – БҮГІНГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КҮНІ АЯСЫНДА ОСЫ ҰҒЫМНЫҢ МӘН-МАҢЫЗЫНА ДЕНДЕП ЕНЕЙІК.



**Қайырымдылық пәлсапасы: жылу жинау немесе асар дәстүрлері**

Қазақ философиясында қайырымдылық басты орын алады. Күнделікті өмірде жиі айтылатын «Кең болсаң, кем болмайсың» деген даналық сөз жомарттықты ғана емес, мейірімділік пен өзара көмекке негізделген адамгершілік қағидатты білдіреді. Философтардың пайымдауынша, қазақ дүниетанымында этикоцентризм басым, қайырымдылық адамгершіліктің басты өлшемі ретінде саналады.

Тарихи тәжірибе де қайырымдылықтың қоғам өмірінде маңызды рөл атқарғанын дәлелдейді. Жетім-жесірлерге көмек, табиғи апат немесе соғыс кезіндегі қайтарымсыз қолдау – халқымыздың дәстүрінде тұрақты құбылыс болған. Сонымен қатар қауым болып бірігіп, мұқтаждарға қол ұшын созу дәстүрі болмысымызға жақын. Бұл – қазіргі тілмен айтқанда, «корпоративтік рух», яғни әлеуметтік жауапкершіліктің ертедегі көрінісі.

Асар дәстүрін алайық. Ауыл-аймақта бүгінге дейін қолданылатын дәстүрдің мән-мағынасы ізгілікке толы. Қазақ қоғамында бір отбасының қолынан келмейтін күрделі жұмысты ауылдағы ағайын бірлесіп атқаруын асар дейді (батыс өңірде «үме» деген балама атауы бар). Асарға шақырылғандар еңбегі үшін ақы алмайды, бар болғаны көмекке мұқтаж адам жәрдем-

десуге келгендерге жақсы ас әзірлесе болғаны.

Жақсысы, Асар тек қол еңбегін қажет ететін жәрдем емес. Онда көпшіліктің басқосуы, қыз-бозбаланың жиыны қатар жүреді. Көпті сергіту үшін ән де айтылады, әзіл де жарасады. Содан болар, ел «Үмеге келген үндемей қалмайды» деп мақалдатады.

Қайырымдылық қазақ дәстүрінде тек материалдық қолдаумен шектелмей, рухани тәрбиеге айналғанын да айту керек. Асар, үме, енші, сыбаға сияқты дәстүрлер қоғамдағы өзара көмек пен теңдікті қамтамасыз ететін нақты механизм болған.

Мысалы, аңшы мол олжаға келіп, жолшыға үлес қалдыру немесе қонақты үйінде тоқтатып, тамақтандыру – тек материалдық әрекет емес, рухани мәнге ие іс. Жазушы-этнограф Болат Бопайұлының сөзінше, қазақ қоғамындағы асар дәстүрі халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге бірден-бір себеп болған көрінеді. – Қайырымдылық – бұрынғы дәстүрдің бүгінге сабақтасқан жақсы жемісі. Кезінде жалпы халықтың емес, бір адамның үйі құлап қалса да соған ауылдың ақсақалдары болып, ауылдың байлары болып, сол кездегі белсенді азаматтар болып, қолдап көмектесетін. Сондықтан қоғамда қайырымшылық болмауы, жетімнің қаңғып, жесірдің жыламауы осы ұлы дәстүрдің, тамаша

дәстүріміздің жемісі деп қарауымызға болады, – деген еді этнограф бір сұхбатында. Жұрт болып жұмылу тек нақандық жұмыс кезімен шектелмейді.

Сауабы мол істің бірі – «Жылу жинау» дәстүрі. Бүгінге дейін жалғасқан жайды тарқатсақ, бұл шаңырағы шайқалып, қолындағы дүниесінен, қорасындағы малынан көз жазып қалған жұрттың жағдайын жасап беру. Ел азаматтары күндіз-түні дамыл таппай көмек қолын созып, қолындағы барымен бөліседі.

Тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсемет жылу жинауға қарапайым халық ғана емес, ел алдындағы тұлғалар да үлес қосты деген пікірді айтады. – Ел жылу жинап, көмектесетін. Жылу жинау кезінде, мысалы, 20-30 жылдары аштық болды. Сол кезде Алашорда қайраткерлері Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауыт халықтан жылу жинап, халыққа таратқан, көмек жасаған. Асарлатып, талай үйлер салынды, біраз ақша жиналды. Талай қайырымдылық шаралары өтті. Сол ертеден келе жатқан нәрсе біздің ел болып, қазақ болып, ұлт болып қалыптауымызға қатты көмектесті, – деп түсіндірді ғалым.

Бұған қоса қазаққа қызыл көтеру ұғымы барын ұмытпауымыз керек. Қазақ дәстүрінде кедейлеу адамның күн көріп отырған сиыры не биесі өлсе,

онда оған көрсетілетін көмекті «қызыл көтеру» дейді. Ол уақытта кедейдің жақын ағайындарынан 12 адам өлген малдың орнын толтырады. Мәселен, соғымға сойғалы отырған малы өлсе, жақын ағайындары 12 жілік береді. Ал көшіп-қонып жүргенде жалғыз малынан айырылса, жақындары орнын толтырады.

Атымтай жомарт: қазақ байлары қандай болды? Қазаққа «ағайының бай болса, шайнағаның май болар» деген сөздің төркінін дүйім Алашқа сездірген ауқатты азаматтар аз болмады. Әріге бармай, өткен ғасырдың өзінде ақын-ғалымға жанашыр, құндылыққа қамқор болған байлар жеткілікті. Өсіресе Алаш қозғалысын қаржыландыруда қолындағысын аямаған қалта-лы қазақтар туралы дерек көп. Санамай айтсақ, Алашорда үкіметінің экономикалық әлеуетін арттырған ауқаттылар қатарында Иса Көлжасаров, Әлдиязов Тобанияз, Қаражан Үкібаев, Медеу Оразбаев, Ике Әділов, Хасен Ақбаев, Ыбырай Ақпаев, ағайынды Бекметевтер, жетісулық Маман байдің балалары мен Сырым батырдың шөбересі Салық Омаров елге таныс.

Мәселен, Сырым батырдың шөбересі Салық Омаровтың көмегімен Жананша (Жанша) Досмұхамедов Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. 1908 жылы Әлихан Бөкейханов Семейде сегіз ай абақтыда отырғанда тобықты Оразбай баласы Медеу күнде абақтыға саба қымыз тасыған екен.

Ал қазақ даласындағы меценаттық үлгіні Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қаражан Үкібаев Міржақып Дулатұлының абақтыдан босауына бастамашы болды. Айтпақшы, Қаражан Үкібаевтің сөз ұстаған қауымға берген жәрдемі мол. Ол М.Әуезовке «Абай» журналын шығаруға қаржы бөлгендердің бірі. Нақим Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы қазақ даласындағы алғашқы меценаттардың бірі ретінде белгілі. Ол 1849 жылы өз қаржысына Қарқаралы қаласында алғашқы мешіт салдырған. 1874–1875 жылдары қажылық сапарына барған кезінде өзге де дәулет-

ті қазақтармен бірігіп, Меккеде қажылар тоқтайтын Тәкие қонақүйінің салынуына үлес қосты.

Қазақ даласындағы алғашқы қайырымдылық қорын құрған қазақ байлары – Қалиасқар мен Сыздық Қалпепұлдары, Нұркен Забирұлы және Баймұхамет Қосшығұловты атамай кетуге болмас. Олар 1898 жылы бастауыш білімді дамытуға бағытталған қайырымдылық қоғамын құрып, халыққа арналған кітапхана ашып, қазақ-мұсылман мектебін салдырды. Мұғалімдердің еңбекақысын төлеуді және оқушыларға шәкіртақы беруді де өз мойнына алды. Жалпы ел арасындағы қазақ байлары туралы теріс пікір кеңес көзеңінен қалған идеологияның жұрнағы десек болатындай. Әрине, ара-тұра қамшысы қарапайым халыққа тиген ашкөз, озбыр шонжарлардың болғанын жоққа шығармаймыз. Алайда ұлы даладағы дала заңының байға да қоятын талабы бар-тын: «бай болсаң, халқыңа пайдаң тиісін».

Филология ғылымдарының докторы, сыншы, ғалым Дандай Ысқақтың айтуынша, бір әулет бір ауылды асыраған оқиғалар көп болған. – Байлардың күнде қазан-қазан қылып асқан тамағынан барлық ауыл адамдары ішетін дейді менің шешем. Одан өзге руластарының қалыңмалын төлеп, қыз өнеріп, жер дауы мен жесір дауын да шешіп отырған. Туындаған дауды уақытында шеше алмай байларға үлкен сын болған. Ал байдың малын баққан кезде еңбекақысын алып, қыстық соғымы мен жаздық ас-қатығын айырып отырған. Ал кеңес өкіметі сол қалыптасқан тепе-теңдікті бұзды. Аяғында халық ашаршылыққа ұшырап, тамақ іздеп, қаңғырып кетті, – дейді.

Бұрынғы қазақ байлығы малмен емес, ақыл-білім, елге сіңірген еңбекпен өлшеген. Сондықтан қалталының әрбірі қадір-халі жеткенше көпке көмек беруді мақсат тұтты. Бірі атак үшін, бірі шын ниетпен, әйтеуір қатардан қалғаны аз болмаған. Меценат: жәрдем мен абырой арасы Ескіден жеткен тарихи жад

жаңа заманда жаңаша сипат алды. Қазір де қазақ қолда барының қол үшін беруге жұмсауға бейіл. Charities Aid Foundation ұйымының дерегінше, Қазақстан қайырымдылықта табысының көп бөлігін жұмсайтын елдер арасында 30-орында тұр. Зерттеу нәтижесінде ел азаматтары қайырымдылық беретін ақшаны үш бағытта береді:

- 38%-ы – тікелей мұқтаж адамдарға
- 36%-ы – қайырымдылық қорларына
- 25%-ы діни мекемелерге қаржы аударып екен.

Ресми дерекке сенсек, Қазақстанда тіркелген қайырымдылық ұйымдарының саны 1372-ге жеткен. Бұл қатарда қорлар, қоғамдық бірлестіктер, заңды тұлғалар бірлестіктері бар.

Бұдан бөлек үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) белсенді жұмыс істейді. Соңғы бес жылда 23 мыңнан астам ҰЕҰ 10 мыңнан астам әлеуметтік жобаны жүзеге асырыпты. Көбі еріктілік, қайырымдылық және сарапшылық қолдау бағыттарында қызмет еткен. Бұл ұйымдардың басым дені су тасқыны, орман өрті кезінде халықты ұйыстырып, бірлік символына айнала білгенін ұмытпадық.

Өткен ғасырлардағы қазақ байларының қадірлі жолын жалғаса меценаттардың да қатары көп. Туған ауылын көркейтіп, айналасына жәрдемін тигізген жанашыр жандардың есімі мәлім. Жыл сайын «Жомарт жүрек», «Парыз» сыйлықтарына жүздеген қайырымды азаматтар ұсынылып, ел дауына ие болғандар марапат төрінен көрініп келеді. Оған қоса «Құрмет», «Парасат», «Барыс» ордендерінің және «Ерен еңбегі үшін» медалі иегерлері қатарында қайырымдылығымен көзге түскендер басым.

Қорыта айтсақ, бабадан жеткен қайырымдылық ұғымының мағынасы өзгергенімен, мән-маңызы сол қалпы сақталды. Бүгінгі буын мұқтажға жәрдемдесу, құндылықтарды қорғау, табиғатты аялауды ортақ түсінікке сыйғызып келеді.

**Ерсін ШАМШАДИН,**  
kaz.inform.kz

ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ - 145

АҚ ТАРЫНЫҢ АТАСЫ МАЙДАНҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСТІ?

Архивте Шығанақ Берсиев екен тары, оның күнделігі мен майдан даласынан жеткен хаттардың түпнұсқасы бар. Тіпті Кеңес Одағының батыры, жазушы Мәлік Ғабдуллин

— Колхозшы түгелінен қатынаса отырып, 117,5 текше метр жердің топырағын алды. 4 гектар жер жыртылып, 5 гектарға тырма тартылып, 7 гектарға тұқым себілді... Гек-

дан 200 центнер тары алуға уәде еттім және сол уәдеде тұрамын. Менің үш балам да майдан даласында және фашизмге қарсы соғысып жүр. Ал мен 63 жасымда өзімді

наған. Мәселен 1943 жылы Қ.Изиковен:


— Қарт ата кәсіп еттің егіншілік, Егінің салған сенің болды бітік, — деп жазды. Ал 1944 жылы өзін Рахметулла деп таныстырған майдангер Шығанақ Берсиевтің балдызы болып шықты. Жездесіне хат арнаған жауынгер амандық сұрап, өзін таныстырған.

— Мені сіз танымайтын боларсыз. Мен Исатайдың Рахметулла деген баласы боламын. «Правда» газетінің бір мақаласында «тарыны көп жинадым» деген сөзіңізді оқып, сонымен қатар өзіңізді көріп амандық білдіріп қоюға жазып отырмын. Мен фронттамын. Офицер болып жұмыс жасаймын, елден аздап хат алып тұрамын, — деп жазылған хатта. Сондай-ақ Мәлік Ғабдуллин 1943 жылы қыркүйек «Сталин туы» газеті арқылы Шығанақ Берсиевке хат жазды.

— Ел шетіне жау келіп, ер азамат майданға аттанғанда «майданға берер көмегім тарыдан мол өнім алу» деп сенім берген едіңіз. Сол

өзіңіздің озат тәжірибеңізді, жақсы ақылыңызды барлық колхозшыға айтып, оларды майданға көмекке бұрынғы-

сы белгісіз. «Социалистік жол» газетінде, яғни, 1944 жылдың мамыр айында Шығанақ Берсиевтің



де газет арқылы сәлемін жеткізген. Ақтөбе облысының архивінде сақталған құжаттар мен деректер не дүйді?



БЕРСИЕВ КҮНДЕЛІГІ

Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивіндегі жеке тектік қорда Шығанақ Берсиевтің фотосуреттері мен құжаттары сақтаулы. Сонымен бірге «Шығанақ Берсиевтің күнделігінен» үзінді бар.

Бір қызығы күнделік қолмен жазылмаған әрі латын қарпі қолданылған. 1941 жылы 24 сәуірде басталып, 8 мамыр аралығын ғана қамтиды. Онда жер жырту, тыңайту жұмыстары туралы жазылған. Мәселен 27 сәуірде:

— 18 колхозшы жұмыс істеді. 20 арба көң тасылды. 76 текше метрлік топырақ алынып, 125 метрлік жап жасалды. 0,5 гектар жер жыртылды. Бұл зябь (сүдігер — күзде жыртылған жер — ред.) болатын, солай бола тұрса да тереңдігі 22-23 сантиметр тереңдікте жыртылды. Өйткені ол жерді су алып, үстіне жаңадан құм, топырақ қосылып, жерді тегістеп кеткен. Мұғалім Сапарғалиев жолдас социалистік жарыс туралы звено мүшелері арасында әңгіме өткізді. Өндіріс кеңесі өткізіл-

тарға атыз жасалды. «Кемерші» колхозының звеновойы



орденді Зәуре Баймолдина жолдас келіп, ұзақ әңгімелесіп, жұмыстың жайымен танысты, — деп жазылған 8 мамырда.

СТАЛИНГЕ ХАТ


Архивтегі жеке тектік қордан Шығанақ Берсиевтің Сталинге жазған хатын да көруге болады. Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Құрман колхозының звено

ласына көмектемесін, — деп жазған хатта.

Бұл хат жауапсыз қалмады. Қазақстан КП Орталық комитетінің хатшысы Николай Скворцов Шығанақ Берсиевке алғысын білдірді. Ол танк колоннасы құрылысына бөлген 20 мың рубль, 325 пұт астық әскери қуатты арттыратынын жеткізді.

БЕРСИЕВКЕ ХАТ

сеніміңізді қажырлы еңбек етіп, көпке үлгі істеуіңізбен ақтап келесіз. Оған біз, майданда жүрген жігіттер зор қуанышпен құтты болсын айта-



мыз. Совет халықтарын құл етуді көздеген неміс-фашист басқыншылар Қызыл Армиядан қатты соққы жеп шегіне бастады. Жауды жеңетін күн жақындап келеді. Жеңіс күнін тездету үшін тылда еңбек қарқынын бұрыңғыдан да күшейтіп, астықты ысырапсыз жинап алу, мал басын өсіру, мемлекет алдындағы міндеттемелерді абыроймен орындау қажет. Бұл жөнінде


мия қатарында. Бұдан басқа біреуі армия қатарынан қайтып келіп, өзінің аурулығына (денсаулығына — ред.) байланысты Шұбарқұдықта қызмет етеді. Бөтен айтарым жоқ, — деп жазып, қолтаңбасын қойған.

Бұл өмірбаян 1944 жылы жазылған. Шығанақ Берсиев өз қолымен жазды ма, әлде өзге біреу қағазға түсіріп, өзі қолтаңбасын қойды ма? Нақты-

Шығанақ Берсиевтің жеке заттары жоқ. Тек сол кездері тары өсіруге пайдаланған шаруашылық бұйымдары ғана кермеге қойылған.

Бүгінде Ақтөбеде тарыдан ондаған тағам дайындалады.

**Алтынай САҒЫНДЫҚОВА,**  
Арнайы «Ойыл» үшін.  
Фотосуреттер Алтынай Сағындықованың жеке архивінен алынды.



ді, — деп жазылған. Ш.Берсиев күнделігінен жерді дайындау жұмысы сәуір айының аяғына таман басталғанын көруге болады. Ал мамырда күн сайын 2-7 гектарға дән сепкен.

жетекшісі хатта Қызыл әскер-Ш.Берсиев күнделігінен жерді дайындау жұмысы сәуір айының аяғына таман басталғанын көруге болады. Ал мамырда күн сайын 2-7 гектарға дән сепкен.

Ш.Берсиевке майдан даласынан хаттар көп келді. Хат көбіне газет редакциясына жолданды. Қазақ және орыс тілдерінде жазылған хатта бәрі де өз алғысын білдірген. Кейбірі жыр шумағын ар-

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл
Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1402 дана. Тапсырыс 654 Көлемі 1 баспа табак, индекс 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

